

Жол қозғалысы ережелерін әкімшілік бұзу туралы істер жөніндегі шешімдерді өзара тану және орындау туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсан N 32-II Заңы

Мәскеуде 1997 жылғы 28 наурызда жасалған жол қозғалысы ережелерін әкімшілік бұзу туралы істер жөніндегі шешімдерді өзара тану және орындау туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Жол қозғалысы ережелерін әкімшіліктік бұзу туралы істер жөніндегі шешімдерді өзара тану және орындау туралы Конвенция

Бұдан әрі Келісуші Тараптар деп аталынатын, осы Конвенцияға қол қойған - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер,

Келісуші Тараптар арасындағы автокөлік қозғалысының үдеуі мен жол жүру ережелерінің бұзылуы кезінде туындайтын қауіп-қатердің өсуін назарға ала отырып,

құқықтық нормаларды қабылдау жол-көлік оқиғалары мен оның зиянды зардаптарының алдын алудың бір амалы екендігін ескере отырып,

мұндай нормалардың превентивтік мәні, ереже бұзғандығы үшін көзделінген әкімшілік жазаның қаншалықты тиімді қолданылуына айтарлықтай дәрежеде байланысты деп есептей отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1 бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін төменде аталынған терминдер мынадай мағына білдіреді:

а) "құзырлы органдар" - Келісуші Тараптың ұлттық заңына сәйкес, осы Конвенцияға қоса беріліп отырған Жол қозғалысы ережелерін бұзу әрекеттерінің тізбесінде көзделінген жол қозғалысы ережесін әкімшілік бұзғандығы туралы істерді қарауға өкілеттік берілген органдар (лауазымды адамдар);

б) "әкімшілік тәртіппен қудалау" - Келісуші Тараптардың бірінің құзырлы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды рәсімдеу және қарау, іс бойынша шешім қабылдау, жол қозғалысы ережесін бұзғандығы үшін жаза белгілеу мен орындау бойынша әрекеттері;

в) "жол қозғалысы ережелерінің бұзылулары" - осы Конвенцияға қосымшада көзделініп отырған бұзушылықтар;

г) "құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тарап" - аумағында жол қозғалысы ережелері бұзылған Келісуші Тарап;

д) "құқық бұзушы тұратын Келісуші Тарап" - жол қозғалысы ережелерін бұзған адам тұрақты немесе уақытша тұратын Келісуші Тарап;

е) "әкімшілік жаза" - жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жазаға тарту өкілеттігі берілген құзырлы орган қабылдаған шешім.

2 бап

1. Келісуші Тараптар, жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін кез келген Келісуші Тараптың аумағында тұратын адамдарға қатысты құзырлы органдардың шығарған шешімдеріне тән алады.

2. Егер бір Келісуші Тараптың аумағында тұратын адам келесі Келісуші Тараптың аумағында жол қозғалысы ережелерін бұзғандығы белгілі болса, әкімшілік жаза белгілеу немесе ол адамға қатысты іс жүргізілуін тоқтату туралы шешімді құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың құзырлы органдары қабылдайды.

3. Жол қозғалысы ережелері бұзылғандығы үшін жаза кесілген жағдайда, құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың құзырлы органдары оны орындау мүмкіндігі болмаса 15 күн мерзім ішінде құқық бұзушылық жасаған адам тұратын Келісуші Тарапқа кесілген жазаның орындалуы туралы сұрату жасайды.

4. Жол қозғалысы ережелерін бұзған адам тұратын Келісуші Тарап құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың құзырлы органдары шығарған шешімдерді өзінің ұлттық заңдарына сәйкес орындайды.

5. Әкімшілік жаза белгіленген адам құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың заңдарына сәйкес қарсы шағым жасауға құқылы.

3 бап

Егер Келісуші Тараптардың бірінің аумағында тұратын адам келесі Келісуші Тараптың аумағында жол қозғалысы ережелерін бұзса, онда құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тарап құқық бұзушы тұратын Келісуші Тараптан ол адамды әкімшілік тәртіппен қудалауын сұрауы мүмкін, және, егер құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тарап оны өзі жүзеге асырмаса немесе мұндай қудалауды бастай отырып оны тоқтату қажетсіз деп есептесе ғана, соңғы әкімшілік жаза белгілеу мақсатында, істі құқық бұзушы тұратын Келісуші Тарапқа тапсыруы мүмкін.

Құқық бұзушы тұратын Келісуші Тарап жол қозғалысы ережелерінің бұзылғандығы туралы материалдарды қабылдауға және қарауға, сондай-ақ құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тарапты қабылданған шешімдер туралы хабарландыруға міндетті.

4 бап

Егер құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тарап тәртіп бұзған адам тұратын Келісуші Тарапқа жол қозғалысы ережелерін бұзғандығы үшін жазаның орындалғандығы туралы сұрату жіберсе, онда құқық бұзушы тұратын Келісуші Тараптың құзырлы органдары мұндай сұрату алғанға дейін жазаның орындалу мерзімі тоқтатыла тұрады.

5 бап

Құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың жол қозғалысы ережелерінің әкімшілік бұзылғандығы туралы істер бойынша материалдарының құқық бұзушы тұратын Келісуші Тарапта да дәл сондай заң күші бар және олардың ресмилендірілуі талап етілмейді.

6 бап

Егер кез келген Келісуші Тараптың аумағында тұратын адам келесі Келісуші Тараптың аумағында жол қозғалысы ережелерін бұзса, онда құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың құзырлы органдары ол адамның құқық бұзу Фактісін растайтын материалдар жасап, қажет болған жағдайларда көлік құралдарын жүргізу құқығын беретін куәлігін алып, оның орнына құзырлы органның елтаңбалы мөрімен куәландырылған, барлық Келісуші Тараптар тән алатын уақытша рұқсатнама береді.

7 бап

1. Шешімді орындау туралы сұрату жазбаша түрде жасалынып, онда мыналар болуы тиіс:

- а) сұрату салушы органның аты;
- б) жол қозғалысы ережелерінің бұзылу сипаты;
- в) негізі бойынша ондай әрекет жол қозғалысы ережелерін әкімшілік бұзушылық болып танылатын, сұрату салушы Келісуші Тараптың заң ережелерінің мәтіні, сондай-ақ іс бойынша өндіріс жүргізуде айтарлықтай маңызы бар басқа да заң актілерінің мәтіндері;
- г) оған қатысты сұрау салынып отырған адамның Фамилиясы, аты-жөні, оның азаматтығы мен туылған жері, сондай-ақ іс бойынша маңызы бар оған қатысты басқа да мәліметтер;

д) сұратуды жіберген лауазымды адамның қолы.

Сұратуға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, құқық бұзған адамның жүргізуші куәлігін, басқа да құжаттарды, материалдар мен айғақтық заттарды қоса отырып, сұрату салған Келісуші Тараптың иелігіндегі іс бойынша өндірістік материалдар (жол-көлік оқиғалары болған жағдайда материалдардың көшірмелері) қоса тіркеледі.

2. Сұрату сұрау салған Келісуші Тараптың құзырлы органының елтаңбалы мөрімен куәландырылған болуы тиіс.

3. Егер сұрау салушы Тарап сұратуда қабылданған шешім туралы хабарлануын өтінсе, құқық бұзушы тұратын жердегі Келісуші Тарап мұндай хабарламаны шешім қабылданған күннен бастап 15 күн ішінде жолдауы тиіс.

8 бап

1. Сұратуды құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тараптың құзырлы органы құқық бұзушы тұратын жердегі Келісуші Тараптың қажетті органдарына жолдайды.

2. Құзырлы органдардың тізімін осы Конвенцияға қол қойыларда әрбір Келісуші Тарап жеке белгілейді де олар депозитарийға беріліп, ол жөнінде Келісуші Тараптарға хабарланады.

9 бап

Егер құқық бұзушы тұратын жердегі Келісуші Тараптың құзырлы органы құқық бұзушылық болған жердегі Келісуші Тарап берген мәліметтер осы Конвенцияға сәйкес жаза кесу туралы шешімді орындау үшін жеткіліксіз деп тапса, ол қажетті қосымша мәліметтер сұрата алады және оларды берудің нақтылы шекті мерзімін белгілеуі мүмкін.

10 бап

Шешімді орындау туралы сұрату және оған қоса тіркелінген құжаттар, сондай-ақ осы Конвенцияны орындауға қатысты басқа да материалдар орыс тілінде жасалынады немесе орыс тіліндегі расталынған аудармасымен беріледі.

11 бап

Сұратуларды орындау нәтижесінде айып ретіндегі төленген ақша қаражаттары құқық бұзушы тұратын жердегі Келісуші Тараптың кірісіне түседі.

12 бап

Келісуші Тараптар осы Конвенцияда көзделінген әрекеттерді жүзеге асыруға қатысты шығындарды дербес өтейді.

13 бап

1. Осы Конвенцияға қоса беріліп отырған Жол қозғалысы ережелерінің бұзылу әрекеттерінің тізімі оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Келісуші Тараптар өзара келісім бойынша осы Конвенцияға қоса беріліп отырған Жол қозғалысы ережелерінің бұзылу әрекеттерінің тізімін кез келген уақытта қайта қарауы мүмкін.

14 бап

Осы Конвенцияны орындау және талқылауға қатысты туындауы мүмкін келіспеушіліктер мүдделі Келісуші Тараптардың өкілетті өкілдерінің арасындағы кеңесулер мен келіссөздер арқылы шешіледі.

15 бап

Осы Конвенцияның ережелері Келісуші Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін қозғамайды.

16 бап

Осы Конвенция Келісуші Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламасын депозитарийға өткізген күннен бастап күшіне енеді.

17 бап

Осы Конвенция шектелінбеген мерзімге жасалынады. Ол жөнінде депозитарийді алты ай бұрын жазбаша хабарлау арқылы әрбір Келісуші Тарап осы Конвенциядан шығарылады.

Осы Конвенция Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше басқа да мемлекеттердің кіруі үшін ашық.

1997 жылғы 28 наурызда Мәскеу қаласында бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалынды. Түпнұсқалық данасы осы Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталынған көшірмесін жолдайтын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Секретариатында сақталынады.

Азәрбайжан Республикасы үшін Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

Грузия үшін Түрікменстан үшін

Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғызстан Республикасы үшін Украина үшін

Жол жүру ережелерінің әкімшілік
бұзылғандығы жөніндегі істер
бойынша шешімдерді ортақ тән
алу және орындау туралы

1997 жылғы 28 наурыздағы

Конвенцияға қосымша

Жол қозғалысы ережелерінің бұзылу әрекеттері

1. Жеңіл дене жарақатын алуға немесе материалдық зиян шегуге соқтырған жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы немесе жол көлігінің пайдаланылуы.

2. Көлік құралы жүргізушісінің жол-көлік оқиғасы болған жерде тұруы міндетін бұзуы.

3. Көлік құралын мас күйінде немесе есірткілер, сондай оған ұқсас әсер ететін басқа да заттардың әсерінде болып жүргізу.

4. Көлік құралын тоқтату туралы милиция (полиция) қызметкерінің заңды талабын орындамау.

5. Мас болу күйін белгіленген тәртіпке сәйкес куәландырудан өткізуден бас тарту.

6. Көлік құралын басқаруды мас күйіндегі адамға беру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК